Заключается оно в так называемом «сетевом эффекте» – человек обрастает уже некоторой сетью контактов, знакомых и друзей и не желает покидать привычный сервис и начинать все взаимодействия с нуля в непривычном интерфейсе и по новым законам. Поэтому гораздо продуктивнее и рациональнее будет для построения нового виртуального сообщества выбирать уже раскрученные социальные сети, тем более они имеют для этого все необходимые инструменты. В любой социальной сети можно транслировать интересующий вас контент с личного аккаунта, но часто это очень неудобно, т.к. в списке ваших друзей и подписчиков смешиваются и коллеги, и друзья, и члены семьи, и руководители, и подчиненные, и просто знакомые.

Чтобы разграничить сферу своих влияний и интересов в разных социальных сетях существуют разные способы присутствия: например, Facebook, Instagram, ВКонтакте и Google+ предоставляют пользователю выбор между группой (сообществом) и публичной страницей (пабликом) [1].

Социальные сети можно использовать и как средство непосредственного управления процессом обучения. Основная задача педагога – найти и разместить теоретические материалы в наиболее занимательной форме восприятия (презентации, видеоролики, игровые приложения, аудиозаписи), а также выкладывать упражнения на закрепление и (или) повторение темы и осуществлять мониторинг усвоения знаний (проверка данных для решения заданий, тесты и онлайн-опросы).

Более того, социальные сети позволяют обмениваться опубликованной информацией и хранить ее. Очевидно, используя это свойство, можно приступить к созданию своеобразной «копилки» знаний, причем предложения дополнительных интересных материалов преимущественно должно исходить от обучающихся. Данная творческая деятельность способствует развитию внутренней мотивации к обучению, стимулирует активизацию познавательной деятельности и нестандартного мышления.

Также любую социальную сеть возможно использовать в качестве виртуальной «доски объявлений». В идеале размещение организационной информации о мероприятиях в рамках учебной и внеурочной деятельности должно осуществляться как педагогом, так и обучающимися [2].

Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области работает с такими социальными сетями, как:

Facebook – социальная сеть с самым большим в мире количеством пользователей, однако в Казахстане она не является самой популярной. Из-за «перегруженного» интерфейса в основном предпочитают продвинутые пользователи, бизнесмены, программисты, маркетологи и другие представители IT-индустрии. Facebook создавалась как сеть для общения и других коммуникаций. В Facebook решили предоставить пользователям возможность добавления уроков в учебных группах и соединения их в определенной последовательности. Получился своеобразный электронный курс, который находится внутри социальной сети. Для получения информации надо зайти в сообщество по теме, а не заниматься на сторонних обучающих платформах [3].

Данная социальная сеть наиболее подходит для продвижения образовательных мероприятий – конференций, вебинаров, онлайн-курсов.

Так, Карагандинский «Өрлеу» создал собственный узнаваемый стиль филиала на бизнес-странице Facebook для привлечения целевой аудитории – количество подписчиков на сегодняшний день составляет 1433 (рис.1).



Рисунок 1. Бизнес-страница Facebook Карагандинского филиала

Facebook Карагандинского «Өрлеу» содержит контент информативного характера, отзывы слушателей, публикации в рубриках: «Панорама педагогических идей», «Эффективное обучение», «Педагогический СУП». По активности подписчиков и охвату (рис.2) можно определить, какие посты больше нравятся целевой аудитории.

04.09.2020 18:44		ЭКСПЕРТЫ			1,4K		127 186		Продвигать публикацию
03.09.2020 14:34					113		11 7		Продвигать публикацию
03.09.2020 12:02					92		1 8		Продвигать публикацию
03.09.2020 12:01					97		1 7		Продвигать публикацию
03.09.2020 10:23		ИС-ҚИМЫ			980		101 102		Продвигать публикацию
01.09.2020 17:02		ЭРЕКЕТ			490		34 72		Продвигать публикацию
01.09.2020 11:28		Қадам дарың			518		24 87		Продвигать публикацию
01.09.2020 09:24					581		34 113		Продвигать публикацию

Рисунок 2. Статистика публикаций

Instagram – это полноценная социальная сеть, в которой можно делиться разнообразными материалами, общаться с друзьями, вести бизнес-страницу. Его также часто называют фотосетью, потому что основной контент здесь – фотографии. Педагоги, чтобы быть в курсе последних событий в образовательной сфере, создают и регулярно ведут свои аккаунты. Это помогает им общаться, повышать профессионализм, делиться опытом, получать обратную связь коллег.

Тохметова Ж.Ж.

Количество подписчиков Instagram Карагандинского «Өрлеу» – 2851 (рис.3). Наша бизнес-страница в этой социальной сети привлекает целевую аудиторию содержанием контента информационного и развлекательного характера – это динамичные ролики из жизни института, анонсы новых мероприятий, отзывы слушателей, публикации в рубрике «Лица дня».




Рисунок 3. Бизнес-страница Instagram Карагандинского филиала

YouTube – это популярнейший сайт-видеохостинг, на котором можно смотреть и хранить видеоролики. Пользователи могут смотреть уже загруженные видео, загружать свои, оценивать их, комментировать, сохранять в закладки и делиться этими записями с другими [4].




Рисунок 4. Вебинар для родителей и учащихся «Особенности и возможности дистанционного обучения»

Возможности YouTube профессорско-преподавательский состав Карагандинского «Өрлеу» использует для проведения курсов повышения квалификации, вебинаров, онлайн-встреч и Web-консультаций для слушателей на своем канале (рис. 4).

Данные платформы позволяют использовать интерактивные ресурсы для разных категорий педагогов всех ступеней обучения: от дошкольного до технического и профессионального образования.

Эффективность средств для удаленных коммуникаций педагоги часто недооценивают, особенно те, кто уже привык к традиционному «поучительному» методу преподавания. Но даже в этих условиях у обучающихся все равно всегда есть потребность в постоянном общении и обсуждении материала, в совместной работе над домашними заданиями. К сожалению, двадцать лет назад, когда большая часть современных специалистов были еще школьниками, существовали определенные ограничения в цифровых средствах связи. Обмениваться учебными материалами можно было только с помощью копировального аппарата.

В сети Интернет педагог способен подать пример того, как можно использовать социальные сети в профессиональной сфере. Одним неоспоримым достоинством социальных сетей в образовательной сфере является то, что они позволяют с лёгкостью распространять учебные материалы для закрепления темы, а также дополнительные пособия и материалы, которые могут отсутствовать в библиотеке. Более того, через социальные сети может консультировать, отвечать на вопросы и давать задания, можно сказать, что мобильность социальных сетей очевидна.

Возможно выделить следующие положительные аспекты применения социальных сетей в образовательном процессе:

1. Ориентация на обучающихся. Каждый школьник, студент в повседневной жизни так или иначе пользуется социальной сетью в развлекательных или коммуникационных целях, а теперь ее можно сориентировать и для получения образования.

2. Оперативный обмен сообщениями и документами в любом формате.

3. Дешевизна. Многие учебные заведения не могут позволить себе приобретать дорогостоящее программное обеспечение для организации коммуникации, а также сбора, обработки и хранения информации. Социальные сети же предоставляют все возможности для этого на абсолютно бесплатной основе, что особенно актуально в условиях острой нехватки финансов. Также использование социальных сетей в процессе обучения позволяет экономить расходные материалы (бумагу, краску и др.), поскольку материал в большинстве случаев можно не передавать на бумажных носителях.

4. Вовлеченность в коммуникационный процесс. Используя социальную сеть в образовательных целях, молодые люди овладевают коммуникационными навыками, а также учатся оперативно искать, обрабатывать и анализировать информацию.

5. Непрерывность учебного процесса. Социальные сети позволяют осуществлять постоянное взаимодействие педагога и обучающихся онлайн в удобное для всех время. Например, если в учебном заведении преподаватели и студенты пересекаются в основном только по расписанию во время занятия или в часы консультаций, то в социальной сети это можно делать ежедневно.

6. Повышение коммуникационного опыта педагога. Используя в работе социальные сети, не только обучающиеся, но и преподаватели повышают свои коммуникативные навыки и учатся общаться с обучающимися [2].

Однако использование социальных сетей не лишено определенных недостатков, среди которых можно выделить:

- 1) трудоемкость организации и поддержания на должном уровне учебного процесса;
- 2) присутствие в социальных сетях огромного количества постороннего содержимого развлекательного характера и интенсивный информационный и коммуникационный поток;
- 3) привязка к компьютерам и гаджетам;
- 4) сложность для преподавателей в оценке работы обучающихся в рамках привычных критериев оценки знаний, умений и компетенций студентов;
- 5) отсутствие непосредственного контакта между обучающимися и педагогами;
- 6) пренебрежение нормами и правилами сетевого этикета;
- 7) низкий уровень самоорганизации и слабые навыки рационального распределения рабочего и свободного времени [2].

Таким образом, несмотря на сложности, возникающие на первый взгляд, при грамотном подходе социальные сети могут дать массу возможностей как для педагога, так и для обучающихся в сфере образования, позволяя им общаться на одном языке. Поэтому педагогу можно и нужно идти в социальные сети — туда, где его подопечные проводят большую часть своего времени. И не забывать о том, что в Интернете ничего бесследно не исчезает и свою репутацию необходимо беречь.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Лямин А.В., Хоботова А.Р., Чежин М.С. Использование социальных сетей в образовании. – СПб: Университет ИТМО, 2015. – 67 с.
2. Абрамова О.М. Использование социальных сетей в образовательном процессе// Молодой ученый. – 2016. – №9. – С. 1055-1057.
3. Социальные сети для образовательного процесса [ЭР]. – Режим доступа: <https://clck.ru/QyZRr>
4. Левченкова К. Что такое Youtube? [ЭР]. – Режим доступа: <https://cutt.ly/zfYX3eI>
5. Блинов В. Что такое инстаграм и зачем он нужен [ЭР]. – Режим доступа: <https://cutt.ly/CfUeUPp>
6. Учитель в социальных сетях [ЭР]. – Режим доступа: <https://cutt.ly/RfUrGwi>

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ
zhetkenbayeva_r@mail.ru

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада ерте жастағы балалардың әлеуметтік мақсатты мінез-құлықтың негізгі даму ерекшеліктері қарастырылған. Ерте жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту – баланың өсуіне, дамуына, денсаулығына, тамақтануы мен гигиеналық талаптардың сақталуына тікелей ықпал етуші процесс ретінде сипатталған. Ерте жастағы баланың психикалық дамуының, бала өз ойынында әртүрлі заттарды икемді қолданған кезде заттық ойынды игерудің және оның сюжетті-көрсету ойынына біртіндеп көшудің ерекшеліктері көрсетілген.

Түйінді сөздер: ЮНЕСКО, ерте жастағы балалар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, әлеуметтік-тұлғалық, дамыту, физикалық қауіпсіздік, эмоционалдық қорғалу.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында балаларды ерте дамыту мәселелері Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдерінің саясатына шолуда ұсынылған. «ЭЫДҰ сарапшыларының ұсынымдарына сәйкес, Қазақстан ерте жастағы балаларға ерекше назар аударуы және 3 жасқа толмаған балаларға арналған мектепке дейінгі білім беруді белсенді түрде ілгерілетуі қажет. Сондықтан 1 жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейінгі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын қамтамасыз ету талап етіледі» [1; 9].

Сонымен қатар 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «ерте дамыту – баланы туғаннан үш жасқа дейін дене, зияткерлік және эмоционалдық дамытуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру» термині ұсынылған [2].

Қолданыстағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында 1 жастан 6 жасқа дейінгі тәрбиеленушілердің шеберлігі мен дағдыларының тізімі ұсынылған, ал мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасының мазмұны ерте жастан бастап білім беру міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және Типтік оқу жоспары 1 жастан бастап ұсынылғанымен, қазіргі заманғы мектепке дейінгі ұйымдарда балалар кіші топтан қабылданады және ерте жастағы топтар барлық балабақшаларда жұмыс істемейді.

Алайда 1 жастан 2 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту мәселесінің қазіргі жай-күйіне қарамастан, эксперименттік ғылым баланың дамуындағы ерте жастың маңыздылығы туралы дәлелдер келтіреді.

Осы жас кезеңі – баланың қиялдауы, қарым-қатынасқа бейімделуі, өзінің іс-әрекетін ұйымдастыра білуі сияқты қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы (сензитивті) кезең. Бұл қабілеттердің дамуы баланың мектепке даярлығын қамтамасыз етуге ықпал ететін құзыреттілік жүйесін қалыптастыруға негіз болатыны теориялық және практикалық тұрғыда жан-жақты қарастырылуда.

ЮНЕСКО анықтамалығында «ерте жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту – баланың өсуіне, дамуына, денсаулығына, тамақтануы мен гигиеналық талаптардың сақталуына тікелей ықпал етуші процесс.

Мектепке дейінгі ерте білім беру баланың дүниеге келген сәтінен бастап, оның бастауыш мектепке баруына дейін танымдық-сөйлеу, физикалық, әлеуметтік-тұлғалық және көркем-эстетикалық дамуына ықпал етеді» – деп көрсетілген.

Өмірдің алғашқы жылдары – әр баланың өміріндегі ең маңызды кезең. Бұл уақытта оның одан әрі дамуы мен әл-ауқатының негізі қаланады. Ерте жаста органдар мен жүйелердің, ең алдымен ми функциясының қалыптасуының ерекше кезеңі. Ми қыртысының функциялары тек тұқым қуалайтын болып қана қоймай, ағзаның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі нәтижесінде дамиды дәлелденді. Бұл әсіресе өмірдің алғашқы үш жылында қарқынды жүреді. Осы кезеңде дененің одан әрі дамуын анықтайтын алғышарттардың қалыптасуының максималды қарқыны байқалады, сондықтан баланың толық дамуы мен денсаулығының негізін уақтылы құру маңызды.

Алғаш рет ерте балалық шақ ерекшеліктерінің бүкіл кешенін кеңес одағы кезінде бөбекжай ісінің негізін қалаушылардың бірі профессор Н.М. Аксарина қалыптастырды [3].

Ол немен ерекшеленеді?

Ерте жас дененің тез даму қарқынымен сипатталады. Дененің массасы мен ұзындығының тез өсуі, мидың барлық функцияларының дамуы балалық шақтың басқа кезеңінде байқала қоймайды. Бала дәрменсіз тіршілік иесі болып туады. Алайда, 2 айда онда шартты рефлексдері (әдеттері) пайда болады, өмірдің бірінші жылында тежеу реакциясы қалыптасады. Бұл уақытта сенсорика, қозғалыстар белсенді дамып, бала сөйлеуді игереді.

Ерте жастағы баланың тез даму қарқыны, өз кезегінде, бірқатар ерекшеліктерге ие. Ең алдымен – дамудың секіrmелігі. Ерте жастағы балаларды оқытудың негізі ең алдымен белгілі бір дағдыларды, білімді, өмірлік тәжірибені алу үшін қажет болатын еліктеу, жаңғырту, қарау және тыңдау, салыстыру, ажырату, жалпылау және т.б. қабілеттерді дамыту болып табылады.

Айта кету керек, ерте жастағы балалардың ерекшеліктері әлеуметтік мақсатты мінез-құлықтың негізгі принциптері қаланған кезде ерте жастағы балалық шақтың ерекшелігімен анықталады, ал ләззат, қуаныш немесе қайғы-қасіреттің эмоционалды реакциясы қарапайым сезімдердің, жанашырлықтың, жақсылықтың алғашқы көріністерінің дамуына ықпал етеді. Үлкендермен қарым-қатынас процесінде бала олардың мінез-құлқысының формасын, қоршаған ортамен қарым-қатынас сипатын игереді, оларды біртіндеп өз меншігіне айналдырады және психологтар айтқандай, «үлкендердің білімі мен дағдыларын иемденеді, әлемді олардың көздерімен көруді үйренеді».

Жас балаларды бақылай отырып, келесі қорытынды жасауға болады: баланың өмірінің алғашқы екі жылында дағдылар мен біліктерді игерудің қанықтылығы, жылдам даму қарқыны балалық шақтың келесі кезеңдеріне тән емес. Осы жастағы балалармен қарым-қатынастың қиындығы жас балалар өз тілектерін, сезімдерін, физиологиялық жағдайларын сөзбен жеткізе алмайтындығында. Ересектер баланың мінез-құлқындағы кішкене өзгерістерге сезімтал жауап беруі керек. Ересек адамның жеке қасиеттері баланың жеке басының дамуы үшін үлкен маңызға ие.

Ерте жастағы балалардың тағы бір ерекшелігі – жаңа туған нәрестеде дайын өмірлік қажеттіліктердің болуы мен оларды қанағаттандыру үшін әрекет ету тәсілінің

болмауы арасындағы қарама-қайшылықты жеңу қажеттілігі, ол өмірдің алғашқы кезеңінде баланың психикалық дамуының қозғаушы күші болып табылады [4; 79].

«Ерте жастағы балалық шақ – бұл ата-аналардан Конвенцияда қамтылған баланың әл-ауқатының барлық аспектілеріне байланысты көптеген (және қарқынды) міндеттерді орындауды талап ететін кезең:

олардың өмір сүруі, денсаулығы, физикалық қауіпсіздігі және эмоционалдық қорғалуы, өмір сүру жағдайлары мен күтімнің сапасы, ойындар мен оқытуға қатысу мүмкіндіктері, сондай-ақ өз көзқарастарын білдіру еркіндігі. Осыған байланысты балалардың құқықтарын жүзеге асыру көбіне оларға қамқорлық жасауға жауапты адамдардың әл-ауқаты мен ресурстарының болуына байланысты. Бұл қарым-қатынасты тану ата-аналарға, заңды қамқоршыларға және бала күтімі қызметтерін ұсынатын басқа адамдарға көрсетілетін көмек пен қызметтерді жоспарлаудың маңызды бастауы болып табылады» [5; 1].

Белгілі ғалым А. Меңжанова ерте жастағы балалардың «ақыл-ой тәрбиесінің мақсаты – балаларды табиғат пен қоғамдық өмірдің сан қилы қарапайым құбылыстары жайлы біліммен қаруландыру, сезім мен қабылдау ерекшеліктерін жетілдіру арқылы ақыл-ой қабілетін (зейін, ой, ес, қиял, тез және дұрыс шешім қабылдау, тұжырымдау, игерген әдет пен дағдыны, білімді іс-әрекет үдерісінде туған міндеттерді шешуге пайдалана білу, өз еңбегінің сапасын, оның қорытындысын, ынта-ықыласын болжай алу) дамытуды қамтамасыз ету», – деп анықтаған [6].

Ерте жаста бала көрнекі-әрекеттік ойлау мен сөйлеуге ие. Бұл функциялар ерте жас кезіндегі ең маңызды жаңадан пайда болған түрлері болып саналады. Балада белсенді сөйлеу қалыптасады, бұл процеске айналадағы ересектермен бірлескен әрекет көмектеседі. Сөйлеуді қалыптастыру процесінің екінші жағы – балаға бағытталған сөйлеудің мағынасын түсіну. Осы кезеңде баланың айналасындағы ата-ана немесе басқа ересектер баланың сөздерін көтермелеп, ынталандыруы керек. Баланың қимылмен көрсетілген тілектерін орындамай, алайда баланы өз қалауын білдіруге итермелеу керек. Бұл жағдайда ештеңе мәжбүрлі түрде болмауы керек. Бұл кезеңде сөйлеу баланы сыртқы әлеммен таныстыру құралына айналады және ересек адамның баланың мінез-құлқын реттеуге, оның қызметін бағыттауға мүмкіндік береді [7].

Нәресте кезінен бастап бала заттармен кейбір манипуляцияларды, оған ересектер көрсеткен әрекеттерді үйренеді. Бұл игерілген манипуляциялар баланы жаңа заттарға ауысуын үйретеді, тіпті кейбір сәтті әрекеттерді ол өз бетінше игереді.

Баланың нәрестеден ерте балалық шаққа ауысуы әлемге жаңа көзқарас объектілерінің пайда болуымен белгіленеді. Енді балаға арналған заттар – бұл енді басқаруға болатын заттар ғана емес, сонымен қатар әртүрлі мақсаттағы заттар, сондай-ақ белгілі оларды пайдаланудың бір әдісі. Ерте жастағы балаға ересек адам сияқты көмекші және тәлімгер рөлі берілген заттармен әрекет ету дағдыларын игеру қызықты болады. Ересектер балаға әр тақырыптың мақсатын түсінуге және білуге көмектеседі. Пәндік қызметті игере отырып, бала белгілі бір заттың не үшін қызмет ететінін және оны қалай қолдануға болатындығын білуге тырысады. Заттармен іс-әрекет баланың дамуына ықпал ету үшін, оны қоршаған кеңістікті көп ойыншықтармен жүктеуге болмайды [7].

Үш жасқа жақындаған кезде бөбекте іс-әрекеттердің басқа түрлері пайда болады. Бала ойнауды үйренеді, өнімді іс-әрекеттерді ұғынады, яғни сурет салуды, мүсіндеуді және құрастыруды үйренеді. Ерте жастағы баланың психикалық дамуы бала өз ойынында әртүрлі заттарды икемді қолданған кезде заттық ойынды игеруді және оның сюжетті-көрсету ойынына біртіндеп көшуді ұйғарады. Сонымен қатар,

бала өзінің ойындарында сыртқы әлемді жаңғыртады. Көбінесе белгілі бір ересек адамда, негізінен ата-аналардың бірінде байқалатын әрекеттер қайталанады. Сонымен бірге ол: «сен мұны анаң немесе әкең сияқты жасайсың» дегенді естігенде келісе кетеді. Дамудың барлық кезеңдері баланың сюжетті-рөлдік ойындарының алғышарттарын береді, ол заттардың атын өзгерткен кезде, өзін ойындағы ересектермен теңестіреді және өзін басқа атпен атай алады.

Ете жастағы баланың дамуы көбінесе тек оның ой-өрісінің кеңеюі және дағдыларының дамуы деп түсініледі. Ол оқыту және әртүрлі білімдерді жинақтау деп түсініледі. Баланың эмоционалдық және әлеуметтік аясын, оның тәуелсіздігін, белсенділігін «даму» ұғымымен байланыстырмайды, бұл, әрине, терең қате түсінік. Шын мәнінде, ерте даму – бұл бала үшін ыңғайлы жағдайлардың кешені, онда ол әлем мен жаңа білімді тануға оңай болады. Бұл, ең алдымен, баланың айналасындағы кеңістікті ұйымдастыруды қамтиды: қоршаған орта баланы жан-жақты дамытатындай болуы керек.

Даму – бұл әрқашан жаңа сапаның, сапалы жаңа нәрсенің пайда болуы. Балалардың дамуына қосымшада бұл әлемге жаңа көзқарастың, жаңа қабілеттердің, тілектердің, қызығушылықтардың және іс-әрекетке шақырулардың пайда болуын білдіреді.

Егер баланың өзі бірдеңе ойлап тауып, бірдеңе жасаса, өзі бір нәрсеге ұмтылса, оның барлығы әрдайым баланың бастамасы мен тәуелсіздігінде көрінеді [7].

Бір жастан үш жасқа дейінгі балалар қоршаған заттармен әрекеттесу құштарлығымен ерекшеленеді. Олар ыдыс-аяқты тарсылдатуды, түймелерді қораптан алып салуды, қағазды умаждап жыртуды, дөңгелектерді айналдыруды және т.б. жақсы көреді. Бұл баланың ең басты даму қызметі болып табылады.

Психологияда баланың заттармен әрекеті (заттық іс-әрекет) жетекші болып саналады, өйткені онда психиканың барлық аспектілері мен баланың жеке басы дамиды. Біріншіден, баланың қабылдауының дамуы заттық іс-әрекетте жүреді, ал осы жастағы басты міндет – әлемді қабылдауды үйрену, ондағы жеке қасиеттерді бөліп көрсету. Үш жасқа дейінгі баланың ойлауы негізінен тікелей сипатта болады – ол қабылданатын заттар арасында байланыс орнатады. Зейін қабылдау арқылы да анықталады – ол тек оның көру аймағында болатындығына мұқият бола алады. Сонымен қатар баланың барлық алаңдаушылығы қабылданатын заттар мен құбылыстарда шоғырлынған.

Жас баланың дамуындағы басты оқиға – сөйлеуді игеру болып табылады. Сөйлеудің пайда болуы баланың барлық психикалық процестерін қалпына келтіреді және оның дамуының жаңа, ерекше маңызды болашағын ашады. Алайда сөйлеуді игеру бірден болмайды, сонымен қатар бірнеше кезеңдерден өтеді.

Өмірдің бірінші жылында әлі сөз жоқ. Оны басқа, ауызша емес қарым-қатынас құралдары алмастырады – эмоционалдық білдірулер, мимика, содан кейін қимылдар, позалар, қозғалулар, вокализациялар (әндету). Өмірдің екінші-үшінші жылдарында бала негізінен адам тілін үйренеді және сөйлеу арқылы сөйлесе бастайды. Осы екі кезеңнің арасында бала біздің емес, өзінің бала тілінде сөйлей бастайтын таңғажайып кезең бар. Балалар психологиясындағы бұл кезең «автономды балалар сөйлеуі» кезеңі деп аталады. «Балалар тілі» ересек адамнан, біріншіден, сөздердің дыбысымен, екіншіден, олардың мағынасымен ерекшеленеді [8].

Балалардың сөйлеуіндегі автономды кезең – әр баланың дамуында болады. Бұл кезеңде баланың сөйлеуі бар ма, жоқ па деп айту мүмкін емес, өйткені оның «ересек» мағынасында сөйлеуі жоқ, сонымен қатар ол сөйлейді. Баланың сөйлеуін дамытудың келесі кезеңі оның алғашқы шынайы сөздерінің пайда болуымен белгіленеді.

Сонымен, баланың дамуы, ең алдымен, оның белсенділігін, тәуелсіздігін, қоршаған әлемге эмоционалдық жауаптылығын қалыптастыру. Баланың іс-әрекетінде оның мүдделері де, бір нәрсе жасауға, өмірге қатысуға деген ұмтылысы да, оның практикалық мүмкіндіктері де (іскерліктері мен әрекет ету тәсілдері) қалыптасады [8].

Баланың жетістіктерінің призмасы арқылы «Мен» жаңа көрінісі балалық өзін-өзі тануының қарқынды дамуына мүмкіндік береді. Баланың «Мені» оның іс-әрекетінің нәтижесінде, оған сәйкес келмейтін объект ретінде пайда болады. Бұл дегеніміз, бала ішкі, идеалды жоспарда емес, оның жетістіктерін бағалаудың сыртқы сипатына ие қарапайым рефлексия жасай алады.

Осындай «Мен» жүйесінің қалыптасуы, ең алдымен санақ нүктесі болып табылатын басқалар бағалайтын жетістік – мектепке дейінгі балалық шаққа көшуді білдіреді.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [ЭР]. – Қол жетімді режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы [ЭР]. – Қол жетімді режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
3. Особенности психического развития детей раннего возраста [ЭР]. – Режим доступа: <https://clck.ru/Qikdg>
4. Зуева А.Д. Особенности детей раннего возраста [ЭР]. – Режим доступа: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/69/3630/>
5. Развитие детей в раннем возрасте в Европейском регионе: потребности, тенденции и разработка политики. Обзор на основе оценки пяти стран. Всемирная организация здравоохранения, 2014 [ЭР]. – Режим доступа: <https://clck.ru/QeruJ>
6. Мектепке дейінгі ерте жастағы балаларды сенсорлық дамыту бойынша педагогтың кәсіби құзіреттілігін жетілдіру: әдіст.нұсқаулық/ құраст: Р.Жеткенбаева, У.Майбасова – Қарағанды, 2016. – 35 бет.
7. Лисина М.И. Формирование личности ребенка в общении. – Питер, 2009. – 320 с.
8. Рузская А.Г., Мещерякова С.Ю. Развитие речи. Игры и занятия с детьми раннего возраста. 1-3 года. – М.: Мозаика-Синтез, 2007. – 60 с.

М.А.МУКУШЕВА

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ
mukusheva.m@orleu-edu.kz

А.С.САПАРОВА

Қарағанды қ. «№95 гимназия» КММ
saparova.aynagul.68@mail.ru

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІРІКТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Аннотация. Мақалада қашықтан оқытуда педагогтардың біліктілігін арттыру курстарына қойылатын талаптар мен ұсыныстар қарастырылады. Қашықтан оқытуда интернет платформаларын қолданылу бойынша педагогтарға ұсыныстар беріледі. Педагогтардың қашықтан оқыту барысында кәсіби-теориялық білімін кеңейтуге, қашықтан оқытуда ұсынылатын тапсырмалардың мақсаты, мазмұны, кезеңдері және әдістері ұсынылады.

Түйін сөздер: қашықтан оқыту, оқыту мазмұны, оқытуды ұйымдастыру құрылымы, оқыту мазмұны, тапсырма әзірлеу кезеңдері, оқыту әдістері, білім беру платформалары

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауында «Мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар күндіз-түні «WhatsApp»-тан бас көтермейтін болды. Толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет» деп көрсетті. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарауды педагогтардан талап етті [1].

Президенттің тапсырмасы бойынша ұсынылған қазіргі жаңа заман талап еткен бұл бастама көпшіліктің қызу талқысына түсті.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ YouTube-тегі Білім беру арнасына 2020-2021 оқу жылына педагогтерге, ата-аналарға және оқушыларға оқу үдерісінде пайдалануға арналған сабақтардың цифрлық бейнеконтентін орналастыру туралы ақпаратты жариялады. Қазақстан педагогтері «Өрлеу» Білім беру арнасында оқушыларға қашықтан оқыту форматында оқуға нақты көмек көрсететін сандық сабақтардың 5000-нан астам контентімен таныса алады. I тоқсанның қазақ және орыс тілдеріндегі бастауыш және орта мектептердің барлық оқу пәндері бойынша цифрлық сабақтар сараптамадан өтіп, «Өрлеу» Білім беру арнасында» қол жетімді түрде орналастырылған.

Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын қашықтан оқыту тәжірибесі мұғалімдердің оқытуда қолдануына тиімді білім технологиялары арқылы оқу процесін ұйымдастыру бойынша кәсіби құзырлылығын қалыптастыруды көздейді. Сонымен қатар, тыңдаушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған қашықтықтан сабақты ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктерін ескере отырып, АКТ қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздерін зерделейді. Курс барысында ZOOM, MicrosoftTEAMS, GoogleClassRoom, Discord, Kundelik.Kz, ClassDojo интернет платформалармен, Smart-құрылғы мен ақпараттық-коммуникациялық технология қосымшаларымен және цифрлық білім ресурстарымен (BilimLand, Daryn.online) және компьютерлік оргтехника құралдарымен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруды реттейді.

Қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, оқыту әдістері мен ұйымдастыру формаларын, педагогикалық процесті жоспарлау дағдыларын меңгеру арқылы сандық білім беру ресурстарын құруды қамтиды [2].

Заманауи қашықтан оқыту үдерісінде педагог үшін компьютерді қосу, «Күнделікті» толтыра білу және ZOOM-ға шығу жеткіліксіз. Сол себепті, білім беру ұйымы таңдаған Интернет-платформа талаптарға жауап беруі тиіс:

- қашықтықтан оқыту кезінде сабақтарды әзірлеу және толықтыру үшін икемді құралдардың болуы;
- білім алушылардың бірлескен жұмысын қолдау (форумдар, чаттар, құжаттармен, тұсаукесерлермен жұмыс және т. б.);
- пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес ақпаратқа, оқу материалдарына, Интернет желісі (Web-портал) арқылы білім беру платформасының сервистеріне қол жеткізу;
- стриминг режимін қамтамасыз ету;
- педагогтер мен білім алушылар үшін; – оқытудың барлық кезеңінде білім алушылармен жұмыстың көрсетілуі;
- дербес компьютерлерде арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату қажеттілігінің болмауы;
- тегін мобильді қосымшаны орнату мүмкіндігі;
- кез келген құрылғыларда (компьютерлер, планшеттер, смартфондар) іске қосу мүмкіндігі.

Қашықтан оқыту форматтағы сабақтарға арналған ұсыныстар:

1) синхронды форматта оқыту кезінде тікелей трансляция үшін оқу процесін асинхронды оқыту форматымен үйлестіре отырып, СанПИН-ге сәйкес сабақтың 10-нан 30 минутына дейін бөлуге болады.

2) мұғалім білім алушыларды сабаққа стриминг режимінде алдын ала дайындап, оларға іс-қимыл алгоритмі бар жадынама беруі қажет.

Сабаққа дейін білім алушыға: – қолжетімді қосымшаны өз құрылғысына жүктеу; – қосымша құралдарының жұмысын тексеру (микрофон, видео, экранды көрсету және т. б.);

- сабақ алдында 10-15 минут бұрын платформаға қосылуды тексеру қажет;
- тіркелу үшін өз тегіңізді және Атыңызды, сыныбыңызды пайдалану; сабақ барысында:
 - бөгде дыбыстардың болмауын қамтамасыз ету;
 - микрофон режимін қадағалау (қажет болған жағдайда ғана қосу); – бейне режимін бақылау;
 - этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау.

Қашықтан оқыту тәжірибесі мектеп педагогтарының сабақ үдерісінде тапсырма ұсынуда көп зерделеуді, талдауды, құрастыруды талап ететінін жеткізді. Қысқа мерзімді сабақ құрастыруда бағалау критерийіне сай құрастырылған тапсырма тиімді болды ма? Осы сұраққа жауап берейік.

Қашықтан оқыту тапсырмаларын өз бетінше құрастыру үшін мұғалімге келесі қадамдарды ұсынуға болады:

1. Пәннің оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау.

2. Таңдалған оқу мақсаты бойынша Блум таксономиясына сүйеніп бағалау критерийлерін құрастыру.

3. Тапсырма құрастыру кезінде саралауды қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкестендіру.

4. Бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру.

5. Әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру.

Мұғалім тапсырманы оқу мәнмәтінін, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып таңдайды немесе құрастырады. Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдарының қорытындысын ескере отырып, сараланған жұмыстарды одан әрі жалғастыру үшін жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалауға қатысты білім алушылардың саны мен кері байланыс беру жиілігін педагог өзі анықтайды [3].

Тапсырманы әзірлеудің 1-кезеңі оқу бағдарламасын, нақтырақ айтқанда пәннің ұзақ мерзімді жоспарын талдаудан басталады. Тақырыптар аясындағы оқу мақсаттарына талдау жасап, қандай пәндік білім-біліктер мен пәнүсті дағдылар күтілетін нәтижелер ретінде қарастырылғаны және бағаланатыны анықталады. Танымдық саладағы оқу мақсаттарының Блум таксономиясы бойынша жіктелуі бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау процесінде кеңінен қолданылады. Бастапқы және түзетілген Блум таксономиясы оқуды күрделілік деңгейінің өсуі бойынша алты танымдық деңгейге бөледі. Әрбір жоғары деңгей алдыңғы деңгейде меңгерген дағдыларға негізделеді. Оқу мақсаттарын Блум таксономиясы бойынша жіктеуде бағалау критерийлерін құруда мұғалім басшылыққа алатын зат есім мен етістіктерді дұрыс қолдану маңызды.

Етістік қол жеткізу көзделетін танымдық санатқа немесе деңгейге, ал зат есім оқушының меңгеріп, көрсетуі тиіс тапсырманың түріне бағытталуы тиіс.

Тапсырма әзірлеудің 2-кезеңі – оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттарының негізінде бағалау критерийлерін құрастыру. Бағалау критерийлерін анықтау үшін келесі сұрақтардың төңірегінде ойланып көрейік:

- Практикада объективті бағалау бар ма?
- Бағалаудың шынайылығы неден көрінеді?
- Бағалау шынайы болуы үшін қандай талаптарды орындау керек?
- Бағалау критерийі деген не?
- Бағалау критерийлері қандай болуы керек?

Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі. Бағалау критерийі оқу мақсаттарына жету қалай тексерілетінін көрсетеді, яғни, оқушы оқу мақсаттарына жеткенін көрсету үшін нені орындау қажеттігін сипаттайды. Сондықтан бағалау критерийлері өлшемді, оқушының оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтайтындай болуы керек. Сонымен қатар бағалау критерийлері орындалатын, яғни оқу мақсаттарына сәйкес анықталған болуы тиіс және оқу мақсаттарының аясынан шықпауы керек. Олар мұғалім мен оқушы үшін нақты, анық және түсінікті болуы тиіс. Оқу процесіне қатысушылардың барлығы оқушы оқу мақсатына қандай нақты әрекет арқылы жеткенін көрсетуі қажет екендігін түсінуі тиіс, мысалы атау, анықтау, көрсету, шешу.

Оқу мақсатына сәйкес қанша бағалау критерийі болуы тиіс?

Бағалау критерийлерінің санын көбейтпеген жөн. Әдетте, оқу мақсатының маңызды тұстарын бағалау орынды болып табылады. Сондықтан бағалау критерийлерінің санын азайтыңыз, барлығын қамтуға тырыспаңыз. Оқу мақсаттарының деңгейі мен көлемін есепке алыңыз.

Тапсырма әзірлеудің 3-кезеңінде, тапсырмаларды саралауды қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкестендіру қажет.

Ойлау дағдыларының деңгейлері неліктен маңызды?

Ойлау дағдыларының деңгейі – әрбір деңгейі ойлау дағдыларын анықтауды қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық өзара байланыстағы жүйесі. Дағдыларды дәл анықтау критериалды бағалаудың маңызды аспектісі болып табылады. Критериалды бағалау жүйесінде ойлау дағдыларының деңгейлері үш топтың аясында қарастырылады:

- білу және түсіну;
- қолдану;
- жоғары деңгей дағдылары (талдау, жинақтау, бағалау).

Бағалау критерийлерін Блум таксономиясы бойынша тиісінше ойлау дағдыларының деңгейіне дұрыс сәйкестендіру, мысалы бағалау критерийі «Білу» немесе «Түсіну» деңгейіне сәйкес келетінін анықтау, мұғалімге күтілетін нәтижеге бағытталған оқушы әрекетін дұрыс таңдауға және соған сәйкес келетін тапсырманы әзірлеуге көмектеседі.

Бағалау критерийлерінің сапасын бағалау үшін бірқатар талаптар белгіленген тексеру парағын қолдануға болады, мысалы:

1. Бағалау критерийі оқу мақсатымен байланысты.
2. Бағалау критерийі нақты, анық және тиянақты.
3. Бағалау критерийі бақылауға болатын (өлшенетін) нақты әрекетті сипаттайды.
4. Бағалау критерийі ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес келеді.
5. Бағалау критерийі күтілетін нәтижелерді көрсетеді.

Тексеру парағын бағалау критерийлеріне сараптама жасау үшін пайдалануға болады.

Тапсырма әзірлеудің 4-кезеңі – бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес тапсырмаларды әзірлеу.

Бағалауда қолданылатын тапсырмалар бірқатар талаптарға сәйкес құрылуы тиіс, атап айтқанда:

- тапсырма оқу мақсаттары, бағалау критерийлері мен ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес болуы керек;
- тапсырма оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай келуі керек;
- тапсырмалар сараланған болуы керек, яғни оқушылардың жеке ерекшеліктерін, нақты айтқанда қабылдау мен ойлау, жұмыс істеу қарқыны, пәндік және пәнүсті дағдыларының қалыптасу деңгейінің ерекшеліктерін ескеру маңызды.
- тапсырмалар оқушыларды танымдық әрекетке ынталандыратындай алуан түрлі, нақты және түсінікті болуы тиіс.

Тапсырма әзірлеудің 5 кезеңінде әр тапсырмаға дескрипторлар құрастырылады.

Дескриптор дегеніміз не және оны әзірлеу барысында нені ескеру керек?

Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі нақты қадамдарды көрсететін сипаттама. Мұғалімнің қабылдаған шешімі объективті болу үшін тапсырмаларда қолданылатын дескрипторлар анық және нақты болуы қажет. Дескрипторлар тапсырманы орындауда оқушыға нақты қай жерде қиын болғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға тиімді кері байланыс беруге және қайталап оқуға арналған бағдарламалық материалдың қажетті көлемін анықтауға мүмкіндік береді [4].

Тапсырма әзірлеу барысында неге назар аудару керек?

Білім алушылар үшін жақсы практикалық тапсырма құрастыру – жай ғана техникалық тұрғыдан жүзеге асыру емес, ол – түсіну мәселесі, себебі олар алған білімін тәжірибеде қолданатын болады. Тапсырманы құрастыру барысында тапсырма әзірлеуші мұғалім қандай кезеңдерден өтеді?

Тапсырма әзірлеудің *жоспарлау, құрастыру, сараптау, қолдану, талдау* сияқты бірнеше кезеңдерін атап өтуге болады.

Жоспарлау кезеңінде бағалауға арналған тапсырманың әзірлеу мақсаты мен міндеттері айқындалып, қажетті құжаттар анықталады.

Құрастыру кезеңінде пәннің оқу бағдарламасын, спецификацияны қолдану арқылы тапсырма әзірленеді.

Сараптама жасау кезеңінде тапсырманың сапасын талдап, материал қайта қаралады, қажет болған жағдайда тиісті өзгертулер енгізіледі.

Қолдану кезеңінде белгіленген уақыт пен жағдайға сәйкес тапсырма қолданысқа енеді.

Талдау кезеңінде тапсырманы қолдану нәтижесі талданады, қажет болған жағдайда өзгертулер енгізіледі.

Қашықтан оқыту тапсырмасын әзірлеу барысында оқу мақсаттарын, бағалау критерилерін есте ұстау маңызды. Бұл мазмұнды және тиімді практикалық тапсырма құрастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар оқытуда интернет платформаларын қолданылу бойынша педагогтар ұсыныстарды орындау нәтижені көрсетеді. Педагогтардың қашықтан оқыту барысында кәсіби-теориялық білімін кеңейтуге, қашықтан оқытуда ұсынылатын тапсырмалардың мақсаты, мазмұны, кезеңдері және әдістерін ескеру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2020 жыл [ЭР]. – Қол жетімді режимі: <https://clck.ru/OphLC>

2. 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020.

3. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал/ О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың ред. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016.

4. Орыс тілінде оқытатын «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптама жасау» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016.

КГУ «Ушаковская СШ» с.Узынколь
Егиндыкольский район Акмолинская область
elena_petr_2011@mail.ru

ОБНОВЛЕННОЕ СОДЕРЖАНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ В РАМКАХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация. Дистанционное обучение – это способ обучения на расстоянии с использованием интернет-технологий, при котором учитель и ученики находятся в различных местах. Работать в режиме дистанционного обучения одновременно очень интересно и непросто. Чтобы достойно организовать учебный процесс в условиях вынужденного карантина, необходимо освоить много новых технологий, цифровых образовательных ресурсов, возможности образовательных платформ. Одной из актуальных проблем сегодня, в связи с действующим в стране режимом ЧП на фоне пандемии коронавируса, является вопрос о том, как результативно обучить всех наших учащихся и каждого обучающегося в отдельности.

Ключевые слова: дистанционное обучение, Googl-форма, суммативное оценивание, gmail.com.

В апреле 2020 года в рамках усиления мер по борьбе с распространением коронавируса казахстанские школы вынуждены были начать четвертую четверть текущего учебного года дистанционно, что поставило перед учителями новые задачи. Одной из них стало сохранение подходов преподавания – использование активных методов, диалогового обучения, групповой работы и т.д.

Учиться дистанционно, как показывает наша небольшая практика, можно интересно и с увлечением, применяя все те методы, которые есть в копилке каждого преподавателя. Для понимания плюсов и минусов такой формы обучения является необходимым для начала разобраться с понятием, что же представляет собой дистанционное обучение вообще и в начальной школе, в частности. Дистанционное обучение – это процесс передачи знаний, формирования навыков во время интерактивного взаимодействия между учителем и учеником и интерактивным источником информационного ресурса. Дистанционное обучение отражает все компоненты, присущие образовательному процессу, с той лишь существенной разницей, что они получают возможность реализации в контексте внедрения инструментов ИКТ [1]. Понятие «дистанционное обучение» применимо к форме обучения, при которой учитель и ученики разделены расстоянием, что вводит в учебный процесс новые формы взаимодействия [2;336].

Считаем необходимым выделить ряд особенностей, которые должны быть присущи любому типу дистанционного обучения, чтобы оно стало эффективным:

- дистанционное обучение требует более точного и детального планирования организации деятельности младшего школьника; четкого определения целей и задач обучения;
- получение учеником необходимых учебных материалов;
- интерактивность – ключевое понятие реализации образовательных программ дистанционного обучения [3]. Уроки дистанционного обучения должны обеспечивать максимально возможную интерактивность между учеником и учителем, обратную связь между учеником и учебным материалом, а также давать возможность группового обучения;

– обратная связь должна быть оперативной, пооперационной, может быть и отсроченной в виде внешней оценки;

– мотивация – важнейший элемент любого обучения, особенно в начальной школе, которую необходимо поддерживать.

- жалпыадамзаттық құндылықтардың мән-мағынасын түсіну;
 - өзінің ойлары, сөздері мен әрекеттері үшін жауапкершілік алу;
 - қоршаған табиғатқа және адамдарға көмек көрсетуге ұмтылу;
 - өмірде кереметті, ғажайыпты тани білу және оған өзіндік қатынас білдіру, яғни, ажырата білу қабілеттілігі;
 - отбасындағы, ұжымдағы және қоғамдағы өзінің рөлін түсіну;
 - өзінің өмірі мен денсаулығына құндылық ретінде саналы қатынас жасау, салауатты өмір салты туралы білімдерін тәжірибеде пайдалану, өмірінен теріс әдеттерді жоюға ұмтылу;
 - болашақ мамандықты саналы таңдаудың маңыздылығын түсіну;
 - өзінің жеке уақытын ұйымдастыра және қадағалай алуы;
 - өзінің тілектері мен мүмкіндіктерін шынайы бағамдай алу, материалдық және материалдық емес қажеттіліктерін ажырата білу;
 - өмірдегі өзара көмектің мән-маңызын түсіну;
 - өзінің азаматтық ұстанымдарын ұғынуға талпыну.
- «Өзін-өзі тану» сабақтарындағы жоба тақырыптары (1-кесте):

1-кесте. «Өзін-өзі тану» сабақтарындағы жоба тақырыптары

Сынып	Тақырып
4	Даналық іздері
5	Жақсылық менен басталады
6	Табиғат – баға жетпес сый
7	Ұжымдағы достық
8	Қоғамға қызмет ету
9	Менің құрдастарым
10	Менің борышым
11	Адамзаттың шынайы көшбасшылары

Жоба бойынша іс-әрекеттің барысы оқушы дәптеріндегі «Жоба күнделігінде» жазылған. Зерттеу төрт кезеңнен тұрады:

Бірінші кезеңде жоба бойынша іс-әрекет жоспары да құрылады. Ол зерттеу кезеңін де, нақты істер мен қорытындылауды да қамтиды. Зерттеу ғылыми-танымдық әдебиеттерді зерделеу, көркем және деректі фильмдерді, телебағдарламаларды көру, театрларға, мұражайлар мен көркемөнер көрмелеріне бару, қызықты адамдармен кездесулер ұйымдастыру, адам мен табиғат игілігі үшін ұжымдық ізгі істер жасау арқылы орындалуы мүмкін.

Екінші және үшінші кезеңдерде ойластырылған жоспарды жүзеге асыру орындалады. Зерттеумен қатар нақты істердің де көрініс тапқаны маңызды. Мысалы, қайырымдылық шаралары, еңбек десанттары, ардагерлерге, балалар үйінің балалары мен жалғызбасты адамдарға арналған концерттер мен қолөнер бұйымдары.

Төртінші кезең – қорытынды. Жоба материалдары жалпыланады және жүйеленеді, жобаның презентациясы әзірленеді. Ол бейне-ролик, фотоколлаж, түрлі-түсті безендірілген кітап, қабырға газеті, қойылым көрсету арқылы көпжанрлы композициялар, өз шығармасындағы туындыларды орындау, рухани-адамгершілік мазмұндағы әндерді шырқау арқылы көрсетілуі мүмкін.

Жоба күнделігі келесі құрылымдық компоненттерден тұрады:

1. Аты-жөні, сыныбы, мектебі, ауылы/қаласы көрсетілген титулдық бет.
2. Жобаның атауы.
3. Жобаның мақсаты.
4. Әрбір кезеңнен іске асыру жоспары (мерзімі көрсетілген).
5. Зерттеу материалдары: бақылау, фотосуреттер, сызбалар, үлгілер, сауалнамалар, сұрақтамалар, пікірлер, қорытындылар.
6. Жалпылаушы қорытынды, бүкіл зерттеу үдерісі кезіндегі жаңалықтар.
7. Жобаны қорғау және жобалық іс-әрекет нәтижесін таныстыру сценарийі.

2-кесте. Жоба жұмысын ұйымдастыру алгоритмі

Жоба жұмысы кезеңдері	Жұмыстың мазмұны	Мұғалімнің іс-әрекеттері	Оқушылардың іс-әрекеті
1. Дайындық кезеңі	Жоба тақырыбын анықтау	Бір бағыт төңірегінде оқушыларды тақырып таңдауға ынталандырады. Топтағы әрбір оқушының пікірін ескере отырып, жұмысты жоспарлауға үйретеді	Әр оқушы өмірлік өз тәжірбиесіне сүйене отырып, өз ойын ортаға салады, бірігіп жобаның түпкі мақсатын анықтайды

2. Жоспарлау	Топқа бөлу. Ақпарат жинау және талдаудың жолдарын көрсету. Әрбір топ мүшесі алдындағы жұмысын анықтау	Оқушыларды өз бетімен ақпарат жинауға бағыттайды. Әрбір топ мүшесінің пікірін ескере отырып, ұжымдық талқылау шешімін тыңдайды, қажет болса өз ойымен бөліседі. Оқушылардың жоба бойынша күнделігін тексереді	Топ арасында әркімнің атқаратын қызметін анықтайды, өз тақырыптарын анықтау жұмыс істеу кезеңдерін жоспарлап, бірінші нәтижеге жету уақытын белгілейді. «Қоғамдық» тапсырманы орындауға дайындығын көрсетеді
3.Зерттеу жұмысы	Ақпарат жинау, аралық нәтижені талдау, зерттеудің негізгі құралдары: сұхбат, сауалнама, бақылау, алынған түрлі ақпаратты талдау	Жоба күнделігін бақылап, әрбір жетекшімен және топ мүшелерімен жеке-жеке сөйлесу, талдау, нәтижені салыстыру арқылы алдағы жұмысқа бағыт беру	Жеке және жұптық жұмыс, анкета сұрақтарын құрастыру. Қажет болса сценарий жазу, қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынас қалыптастыру. Білім, білігін кеңейтеді, түрлі қоғамдық жұмыстармен танысады, шығармашылық, белсенділік, талаптылық қасиеттерін көрсетеді
4.Нәтижені талқылау	Ақпаратты талдау, шешім шығару, тұсаукесердің қандай түрде өтетінін жоспарлау	Бақылайды, кеңес береді. Топ ішіндегі жеке оқушылардың еңбегін бағалай отырып, бірігіп қорғау үшін ынтымаққа бір-біріне деген сыйластыққа шақырады. Тұсаукесерге келетін қонақтар тізімін жазады, қажетті аудио-видеотехниканы жабдықтайды	Топ арасындағы әркімнің рөлін анықтап, алынған ақпараттың арасынан ең негізгіні белгілеп жазады. Проблемалық сұрақтарды анықтап, оны бірге шешуге дайындалады
5. Жұмыстың тұсаукесері		Тыңдайды, проблемалық сұрақтарды қоя отырып, оқушыны сөйлетуге мүмкіндік жасайды	Алынған нәтиже туралы есеп береді. Бір-бірін мұқият тыңдайды, тілектес, ниеттес болады, сөйлеу мәдениетін ескере отырып бір-бірінің ойларын жалғастырып отырады
6. Бағалау және жоспарлау		Шығармашылық жұмысты бағалайды, еңбек иелерін алдағы үлкен мақсаттарға жетелейді	Ұжымды талқылай отырып бір-біріне, өздеріне шынайы баға береді, рухани қолдау танытады. Алдағы жұмыстарды бірге жоспарлайды

3-кесте Жобаларды бағалау жүйесі төмендегідей жүргізіледі

Бағалау критерийлері	Педагогтің бағасы
Жобаның мақсаты: нақтылығы және шынайылығы	0-2 балл
Әрбір кезеңнің жүзеге асыру жоспары: практикалық іс-әрекеттің әлеуметтік бағыттылығы	0-2 балл
Зерттеу материалдары: нәтижеге қол жеткізудің практикалық құндылығы	0-2 балл
Бүкіл зерттеу үдерісі кезінде жасалған қорытындылар, жаңалықтар: жеке дербестік және мазмұнның рухани-адамгершілік тереңдігі	0-2 балл
Жобалық іс-әрекеттің нәтижесі: ұжымдық шығармашылыққа қосқан үлесі	0-2 балл

1 жартыжылдықта жобаны орындаудың нәтижелері бойынша Жоба күнделігінде қамтылуы тиіс:

1) Мақсат

2) Жобаны орындау жоспары

3) 1 және 2 кезеңдегі іс-әрекетті сипаттайтын зерттеу материалдары: бақылау, фотосуреттер, сызбалар, үлгілер, сауалнамалар, сұрақтамалар, пікірлер, 1 және 2 кезеңдегі зерттеудің нәтижелері бойынша қорытындылар.

2 жартыжылдықта жобаны орындаудың нәтижелері бойынша Жоба күнделігінде қамтылуы тиіс:

1) 3 кезеңдегі іс-әрекетті сипаттайтын зерттеу материалдары: бақылау, фотосуреттер, сызбалар, үлгілер, сауалнамалар, сұрақтамалар, пікірлер, 3 кезеңдегі зерттеудің нәтижелері бойынша қорытындылар.

2) Жалпылаушы қорытынды, бүкіл зерттеу үдерісі кезіндегі жаңалықтар.

3) Жобаны қорғау және жобалық іс-әрекет нәтижесін таныстыру сценарийі [4].

Әлеуметтік бағытталған жобалық іс-әрекеттің негіздерін меңгерудің өзектілігі бұл технологияның білім беру жүйесінің барлық деңгейдегі ұйымдарында кеңінен қолдануға болатындығында, ол талдамалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өмірлік қажетті құзыреттіліктердің дамуын қамтамасыз етеді. Осылайша, жоба әртүрлі жастағы, мамандықтағы, әлеуметтік дәрежедегі адамдарды біріктіреді және жалпыадамзаттық құндылықтарды нығайту жолында қоғамның салауатты күш-қуатын біріктіруге мүмкіндік туғызады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Голуб Г. Б., Чуракова О. В. Метод проектов как технология формирования ключевых компетентностей учащихся. – Самара: Изд-во «Профи», ЦПО, 2003.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [ЭР]. – Қол жетімді режимі: <https://goo.su/23Q7>

3. Хуторской А.В. Развитие одаренности школьников: Методика продуктивного обучения: Пос. для учителя. – М.: Гуманит. изд. центр «ВЛАДОС», 2000.

4. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жобалық жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар. «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы. Адамның үйлесімді дамуы институты. – Алматы, 2019.

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУДА БЕЛСЕНДІ ОҚУ ӘДІСТЕРІНІҢ РӨЛІ

Аннотация. Бұл мақалада оқушылардың білім сапасын жақсарту үшін сабақ барысында белсенді әдіс-тәсілдерді қолданылу жолдары қарастырылады. Белсенді оқу әдістері мұғалімге берілген тапсырманың мазмұнын құрастырудың жалпы қағидаларына тоқталған. Келтірілген белсенді әдіс-тәсілдер бақылау мен бағалау сапасын арттыруға көмектеседі, әрі оқушылардың қызығушылықтарын арттырады.

Түйінді сөздер: оқушы, мұғалім, белсенді оқу әдістері, білім, белсенді әдіс-тәсілдер

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев ұлттық білім беру саласына өте жоғары талап қойып отыр. Біздегі білім беру жүйесі Қазақстан мектебінің түлектері өз білімдерін әлемдік оқу орындарында әрі қарай кедергісіз жалғастырып әкететіндей дәрежеде бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болуға тиіс. Қазақстан біркелкі дамып келе жатқан жас мемлекет ретінде халықаралық білім қауымдастығының бір бөлшегі болуға ұмтылыс жасап отыр [1].

Қазақстанның білім кеңістігінің барлық буынында инновациялық және эксперименттік жұмыстар жүргізу қолға алынуда. Сонымен қатар қазақстандық білім беру дәстүрлері мен мектеп түлектерін халықаралық квалификациялық талаптарға сай даярлау ісі бұрынғысынша маңызды стратегиялық міндет болып қала береді.

Қазақстандық қоғамның барлық саладағы көптеген өзгерістеріне байланысты еліміздің білім беру жүйесіне де реформалар енуде.

Бұл өзгерістердің бәрі де жаңғырту мен дүниежүзілік интеграциялық үдеріске ұмтылумен түсіндіріледі. Жаңғырту үрдісінің негізгі түрлерінің бірі білім беру саласы болып табылады. Өз азаматтарына сапалы және заманауи білім алуға жағдай туғыза алған қоғам ғана сәтті дами алады және әлемнің ең жетекші елдерінің қатарына қосыла алады.

Сабақ барысында «баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылса», «жұмыс істейтін материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсе» (Ж. Аймауытұлы, 1929) оқудың анағұрлым тиімді болатынын естен шығармаған дұрыс.

Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сыныпта қолданылатын мұндай тәсілдерге топтық жұмыстар (Brodie, 2000), «балама» ойындар (Bergen, 2002) және пәнге қатысты ойын түрлері кіреді (Peters, 1998). Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуда «балама» ойындар шынайы өмірдің белгілі бір аспектілерін модельдеу және зерттеу үшін ұсынылған мүмкіндік болып табылады [1].

Сабақта белсенді оқу әдістерін қолдану оқушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге; оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, құрдастармен қарым-қатынасының

дамуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына, оқушыларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай түсуіне ықпал етеді.

Мұғалімдер барлық оқушыларға дамытушы кері байланыс ұсыну үшін модельдеу, көрсету, мұқият ойластырылған сұрақ-жауап, қадағалау және оқушылармен бірге ойнау арқылы үнемі қолдау көрсетіп отыруға тиіс. Терең білім алу мұғалімдердің дағдыларына да байланысты, яғни олар оқушылардың жаңа білімдерін бұған дейінгі білімдерімен ұштастыра алуын бақылай білулері маңызды. Бұл үдеріс әр оқушының жеке дағдысы мен қабілеттеріне байланысты әртүрлі болады. Сол себепті мұғалімдер әр оқушы үшін оқу үдерісінің келесі қадамдарын анықтап, әрі қарай ілгерілеуіне септігін тигізу үшін жекелеген оқушыларды үнемі бағалап отыруы керек. Бақылай отырып, оқудың келесі қадамдарын анықтау үшін ақпаратты пайдалану тәсілі метаталдаудың көмегімен білім беру шараларының табысты түрлерінің бірі ретінде танылып отыр.

Белсенді оқу барысында мұғалімдер:

- барлық оқушылардың оқу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ететін жағымды оқу ахуалын қалыптастыруға;
- сенімді, жауапты, белсенді, жаңалыққа ұмтылатын және өзінің іс-әрекетін талдап, рефлексия жасай білетін оқушыларды тәрбиелеуді мақсат етуге;
- оқушылардың дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығу мен белсенді әдіс-тәсілдерлі қолдануға;
- алға қойылған оқу мақсаттарына қол жеткізу арқылы жоспарланған сабақты тиімді өткізу үшін материалдарды, ресурстарды және қосымша құралдарды пайдалана отырып; бүкіл сынып қатысатын, топтық немесе жұптық жұмыс түрлерін, оқушылардың жеке жұмыс істеуін ұйымдастыруға;
- оқушыларды мадақтап, оқуға еліктіре, қызықтыра отырып, ұғымдарды түсіндіруде және мағынасын ашуда, нұсқаулық беруде түсінікті, анық, қарапайым тілді пайдалануға;
- оқушылардың оқуын бақылап, оларға кері байланыс ұсынуға тиіс.

Сыныпта ынтымақтастық ахуалын қалыптастырып, жағымды психологиялық орта қалыптастыру үшін, оқушылардың арасында өзара қарым-қатынасты нығайтып, олардың өзіне беретін бағасын көтеріп, өзі туралы пікірін жақсарту арқылы табыстылық сезімін ұялату үшін оқушылармен түрлі жаттығу өткізуге болады. Ойын түрінде өткізілетін жаттығулар оқушылардың өзара араласуына және мұғалім мен оқушылар арасындағы тығыз қарым- қатынастың орнауына жол ашады.

Қорытындылай келе, мұғалім үшін:


- ой салып, ынталандыратын материал ұсыну;
- оқушылар ғылыми жоба барысында пайдалана алатын тәжірибелік және эксперименттік дағдыларды қалыптастыру;
- оқушыларға өздері қызығатын салаға қатысты сұрақ тұжырымдауға көмектесу;
- жұпта, шағын топта және құрамы өзгеріп отыратын жұпта жұмыс істеуге арналған жаттығу дайындау;
- оқушыларды бір-бірімен сұхбаттасуға жетелеу;
- оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және мүдделерін есепке алу;
- оқушыларды өз бетінше ойлануға бағыттау;
- оқушыларға өздерінің ойлау және зерттеу дағдыларын қолдануды еске салу;
- оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;

- оқушыларға өз бетінше жұмыс істегенде жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жобаларды ойлап табу және ұйымдастыру маңызды болмақ.

Жоғарыдағы жаңашылдық ауыл мектептеріне сонымен бірге шағын жинақты мектептердегі (ШЖМ) оқу-тәрибе үрдісін ұйымдастыруға да қатысты. ШЖМ сынып оқушыларының саны аз болуына сәйкес өзіндік қиыншылықтар мен ерекшеліктер бар. Әйтседе белсенді оқыту мәселесі мектептің түріне, типіне қатысты емес. ШЖМ мұғалімдері жұмысының ерекшеліктері, ең алдымен, бірнеше әртүрлі сыныптарды біріктіріп оқыту. Біріктіліп оқыту да бағалаудың заманауи талаптарға сәйкес түрін аталған ауыл мектеп жағдайында қолдануға әбден болады. Жүйелі сипатта қолданылатын жаңа бастамалар базаның шоғырландырылуы мен кадрлық топтасу, әсіресе жас мамандардың тәлімгерлік жетекшілікпен қамқорлықта болуы, біліктілігін жетілдіретін өзара әдістемелік көмек алуы, таратылмалы материалдарының сараптамадан өткізіліп, тиімді қолданысқа ұсынылуы сабақтың білімділік сапасының артуына жетелейді.

Білім сапасын арттыру ұстаздар қауымын толғандыратын басты мәселе. Көптеген мұғалімдердің оқу үдерісін жаулап алған дәстүрлі сабақтар оқушыларды жалықтырады, әрі білімге деген ынтасын төмендетері сөзсіз. Сол себепті, әр мұғалім өз жұмысында сабақты жандандырудың әдіс-тәсілдерін оңтайлы таңдап, оқушылардың белсенді шығармашылық жұмыс істеуіне жағдай жасауға міндетті. Бірақ, бұл жаңа әдістер дәстүрлі сабақтарды толық алмастыра алады деген сөз емес. Ол дәстүрлі сабақты толықтырып, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру тиіс, сонда ғана білім беруді жетілдіруге болады.

Түпкі мақсат-білім сапасын көтеру, оқу үдерісін жандандыру. Өз деңгейінде белсенді әдістерді оқытуда қолдану әрбір педагогтың шеберлігіне байланысты [2].



XXI ғасырдағы елдің бәсекеге қаблетілігін қамтамасыз ету мектеп табалдырығынан білім мен ғылым дамуының арасындағы сабақтастықтың үйлесім табуы басты назарда. Ал, оқушылардың ақыл-ойын дамытуға септігін тигізетін оларды біліммен қатар, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, жалпы, ортақ, жеке белгілерін сипаттап, манықтау, қорытынды жасай білуге дағдыландыру қажет. Дегенмен, әдістердің қай-қайысы да өз бетінше жеке қажетті деңгейде педагогикалық нәтижені қамтамасыз ете алмайды. Оқу үдерісінде әрқилы әдістерді өзара байланыстыра пайдалану тиімді, әрі оң нәтижеге қол жеткізері сөзсіз.

Қазіргі білім беру ізденістерінің ірі бағытарының бірі оқытудың белсенді әдістерін қолдану болып табылады.

Белсенді оқыту әдістерінің жіктемесі:

- жартылай кәсіби іс-әрекетті моделдейтін және іскерлік, дағдыны қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық сұрақтар, іскерлік ойындар;

• білім, білік, іскерлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәсілдер жағдаяттар, «дөңгелек үстел», миға шабуыл, оқу пікірталасы, өзіндік жұмыс.

Оқудың белсенді оқыту әдістері белгілі оқу құрал жабдықтарымен іске асырылады. Оқу құрал жабдықтары екі мағынада қолданылады. Тар мағынада көрнекі құралдар, көрсетпе және техникалық жабдықтар. Кең мағынада оқу жабдықтары деп білім мақсатын іске асыруға жәрдемші жағдаяттардың бәрі деп түсінеміз. Яғни, оқытудың әдісі, формасы, мазмұны, сонымен бірге оқытудың арнайы бұйымдарының бәрі осы оқу жабдықтарын құрайды [3]. Мұғалімнің міндеті барлық ақпаратты айтып немесе көрсетіп қана қоймау керек, сонымен қатар оқушыны ойлауға үйрету керек, сол тапқан ақпараттарын іс жүзінде қолдана білуге үйрету керек.

Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері осыған жағдай жасайды.

Белсенділіктің 3 деңгейі:

1. Қайта жаңғырту белсенділігі — оқушының білімді түсінуге, есте сақтауға, қайта жаңғыртуға тырысуы, яғни, үлгі бойынша пайдалану тәсілдерін меңгеруі

2. Интерпретация белсенділігі — оқушының оқытылған материалдың мәнін түсінуге, осы ақпараттардың арасындағы байланысты түсінуге тырысуы, яғни, ақпаратты (білімді) үлгі бойынша емес, өзгертілген жағдайда пайдалану тәсілдерін меңгеруі

3. Шығармашылық белсенділік — оқушының мәселені шешу жолдарын өз бетінше іздеуі, яғни, танымдық қызығушылығын көрсете білуі [4].

Белсенді оқудың мәні оқушылардың белсенді жұмыс істеуі арқылы мұғалім берген дерек көздердің мәнін ұғынып, есте сақтап, нәтижесінде оны іс жүзінде қолдана алуында. Ол үшін, ең алдымен оқушының ішкі уәжін оятуға мүмкіндік жасау, осы арқылы оқушының білім алуға деген қызығушылығы пайда болады. Сабақта белсенді әдіс тәсілдерді тиімді қолдану мұғалімнің іскерлігіне байланысты. Белсенді оқу арқылы оқушылардың қарым- қатынас дағдыларын жақсарту үшін сабақтарды қызықты, әрі тартымды етіп құру, әр түрлі белсенді оқудың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, түрлендіру қажет.

Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы өзара байланысты жақсартады. Еліміздің бүгіні мен болашағы өскелең ұрпақ еншісінде екенін ескерсек, бұл заман талабы. Сабақты түрлендіріп өткізу мақсатында, белсенді оқытудың әр түрлі әдістерін өз тәжірибемде қолданып жүрмін [5].

Сабақ бастамас бұрын, оқушылардың психологиялық жағынан көңіл күйлерін қалыптастыру және олардың арасында достық қарым- қатынас орнату мақсатында түрлі көңіл көтеретін тренингтер қолдау болады.

Балалардың қызығушылықтарын ояту мақсатында жұмбақ шешіліп, аудио жазбалар тыңдату, қысқа видео көрсетілім көрсету, т.б арқылы сол күннің тақырыбын оқушылар өздері анықтайды [6]. «Инсерт», «Миға шабуыл», «Топтық пікірталас», «Блум сұрақтары», «Кластер», «Рөлді ойын», «Эссе», «Шатастырылған логикалық баулар», «Кері байланыс» осы әдіс-тәсілдерді сабақтарда үнемі қолданып отыруға болады.

Мысалы, «Инсерт» әдісі бойынша берілген мәтіндегі қажетті ақпаратты және ойларын жинақтайды. Бұл тәсіл аналитикалық ойды дамытады, материалды толық меңгеруге мүмкіндік туғызады. БББ әдісі оқушының өткен біліммен жаңа білімді ұштастырып, сабақ бойы қорытында жасауына көмек береді.

Миға шабуыл – шығармашылықты ынталандыратын психологиялық тәсіл. Стратегиялар маған мынадай нәтиже берді. Мәтінді нақты жабық сұрақтар құрастырса, енді ашық сұрақтарды қоюды үйренді.

Рөлдік ойын ойнағанда менен көмек басшылық күтетін, ал қазір өз бетімен сұрақ құрастыру, тағы басқа дербес әрекеттерді жасайтын болды. Миға шабуыл кезінде топтық пікірталас тудыра отырып, өз ойларын көпшілік алдында айта алмайтын оқушылар ашылып, басқалармен бірігіп сөйлей бастады. Жолдасымен ой бөліскен оқушы, барлық топпен жеңіл қатынасқа түсе алады.

Кластер құрастыру. Қандай да бір тақырыпты ұғынуда ой үрдісін көрнекті ететін графикалық ұйымдастыру тәсілі. Жаңа тақырыпқа болжам, не білетінін есіне түсіреді, жазады, салыстырады. Кластерлермен жұмыс жасағанда оқушылардың еркін ойлануына мүмкіндік беремін.

«Рефлексия» кезеңінде «SMS хабарлама», «Бағалау ағашы», «Ой толғаныс» т.б. қолдануға болады, оқушы өзін және достарын бағалауды үйренеді. Өйткені оқушы өзін-өзі реттей отырып, өз білім деңгейін анықтайды және өз білімін басқалармен салыстыруды үйренеді.

Белсенді оқу арқылы оқушылардың танымдық қаблеттері дамыйды. Кез келген материалмен жұмыс жасауда қорытынды шығарумен есте сақтауға оқушылардың сабақ мақсатына сай не үйренгенін түйіндеу мен түсінгенін анықтау мен қате түсінген жағдайда түзету, оқушыларды өз жұмыстарымен таныстырып, өз идеяларын ұсынуға көмектеседі.

Қорыта келе, белсенді оқудың артықшылығы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырады, олардың кез келген ортада өзін еркін ұстауына мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар үздіксіз белсенді әдіс-тәсілдерді қолданғанда бірнеше мәселелерді шешуге болады. Олар мыналар: пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру; оқушыларды өзіндік жұмыс жасауға дағдыландыру; оқушылардың әлеуметтік тәжірибесін нығайту арқылы өмірлік жағдаяттарға өз көзқарастарын білдіру (қиналу, қынжылу); сабақта өзіне сенімді болу; сабақта өзінің жеке тұлғалық қасиетін көрсету; оқушылар сыни тұрғыдан ойлау арқылы күрделі міндеттерді шешу кезінде талдау жасап, келешекте қателіктер жібермеуге тырысады, қарама-қайшылық пікірлерді ескере отырып нақты шешім қабылдайды, пікір-таласқа қатысады, басқа адамдармен қарым-қатынасқа түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру Бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгейі. – Астана, 2015.
2. Педагогиканы оқыту әдістемесі. - Алматы, 2011.
3. Әмірова Б.А. Молдабаева Р.А. Психологияны оқыту әдістемесі. – Қарағанды, 2012.
4. Мұхамеджанова Ә. Педагогиканы оқыту әдістемесі. – Алматы, 2011.
5. Нұрғалиева.Г.Қ. Психологиялық логикалық-құрылымдық курсы. – Алматы, 1996.
6. Смолкина А.М. Методы активного обучения. – М.: Высшая школа, 1991.

КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада оқушылардың білім сапасын жақсарту үшін белгіленген тақырып, сұрақ, мәселе екі немесе одан да көп пәндер арқылы қарастырылатын, білім мен біліктерді синтездеу және жүйелеу жүзеге асырылатын, оқушыларда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз ететін, олардың игерілуіне ықпал ететін сабақтың ерекше түрі кіріктірілген сабақты ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылған. Әр түрлі пәндерден алынған білімнің жекелеген элементтері арасындағы өзара байланысты және өзара тәуелділікті тану процесінде орнату және игеру білімді тереңдетуге және кеңейтуге, олардың практикамен байланысына, оқушылардың ақпаратты жалпылау және жүйелеу дағдыларын қалыптастыруға, жүйелік ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Түйінді сөздер: кіріктірілген, интеграция, пәндер, сабақтар, жекелеген элементтер, практика, орта білім беру

Білім берудің дәстүрлі, бірақ кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі – оқушылар арасында әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыру. Оқыту процесінде интеграция алуан түрлі білімді әлемнің тұтас ғылыми картинасына біріктіру қызметін атқарады. Әр түрлі пәндерден алынған білімнің жекелеген элементтері арасындағы өзара байланысты және өзара тәуелділікті тану процесінде орнату және игеру білімді тереңдетуге және кеңейтуге, олардың практикамен байланысына, оқушылардың ақпаратты жалпылау және жүйелеу дағдыларын қалыптастыруға, жүйелік ойлауды дамытуға ықпал етеді. Интеграция идеясы орта білім беру стандартын жүзеге асыру аясында ерекше өзектілікке ие, өйткені жалпы және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру процесі пәнаралық сипатта.

Білім беру тәжірибесінде интеграцияның әр түрлі деңгейлерін жүзеге асырудың негізгі элементі – әдістемелік сауатты жүргізілген кіріктірілген сабақ. Кіріктірілген сабақ дегеніміз – белгіленген тақырып, сұрақ, мәселе екі немесе одан да көп пәндер арқылы қарастырылатын, білім мен біліктерді синтездеу және жүйелеу жүзеге асырылатын, оқушыларда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз ететін, олардың игерілуіне ықпал ететін сабақтың ерекше түрі. Сонымен бірге интегратор рөлін атқаратын жетекші пәнді ажыратуға болады және жетекші пәннің материалының кеңеюіне, нақтылануына ықпал ететін көмекші пәндерді анықтау қажет [1,2].

Кіріктірілген сабақты бір немесе бірнеше мұғалім өткізе алады. Екілік сабақтар – бұл интеграцияның білім беру тәжірибесінде кең таралған түрі.

Төменде көрсетілген ақпараттар кіріктірілген сабақтарды өткізуге тиімді болады:

- оқу бағдарламаларында және оқулықтарда бірдей материалдың қайталануы анықталған кезде;

- жалпыланған ғылымаралық категорияларды (қозғалыс, уақыт, даму, шамасы және т.б.), адам өмірі мен іс-әрекетінің әр түрлі жақтарын, технологиялық процестерді қамтитын заңдылықтарды, принциптерді оқығанда;

- тақырыпты оқып-үйрену уақытының шектелуімен және сабақтас немесе қатарлас пәннің дайын мазмұнын пайдалану ұтымды [3].

Кіріктірілген сабақтардың ерекшеліктері:

1. Кіріктірілген сабақта зерттеу мен талдаудың мәні көп қырлы объектілер, оның мәні туралы ақпарат әр түрлі оқу пәндерінде қамтылған, мұндай сабақтардың материалы қоршаған әлемдегі процестердің біртұтастығын көрсетеді, оқушыларға әр түрлі пәндердің өзара байланысын көруге мүмкіндік береді.

2. Кіріктірілген сабақтардың мазмұны әр түрлі пәндерден оқылатын негізгі материалды ғана емес, сонымен бірге білім алушылардың осы материалды түсіну және жалпылау негізінде құрылатын жаңа мазмұнын қамтиды.

3. Кіріктірілген сабақтың түпкі мақсаты - білімді бейтаныс, стандартты емес жағдайда қолдану, теориялық білімді практикада жүзеге асыру, бұл кезде қоршаған әлемнің тұтастығы түсініледі, оқушыларда ХХІ ғасыр дағдылары қалыптасады [6; 7].

Сабаққа кешенді дайындық.

Кіріктірілген сабақ туралы шешім қабылдас бұрын, оқушыларды қызықтыруға және ынталандыруға тырысу жолдарын қарастыру керек, сонымен қатар, мұғалімдер интеграцияланған (бинарлық) дайындалуға көп уақыт пен күш жұмсауға дайын болуы қажет. Тәжірибеде көрсеткендей, бастауыш сыныптарда математика + сауат ашу, жаратылыстану + әдебиеттік оқу, жаратылыстану + қазақ тілі, дүниетану + әдебиеттік оқу, қазақ тілі + дүниетану және т.б сияқты оқу пәндері жиі біріктіріледі. Оны 1-кестеден көре аласыздар [4].

Пәні	Оқу мақсаты	Үй тапсырмасы
1 сынып	4 тоқсан	Ортақ тақырып: Тағам және сусын
Сауат ашу	1.3.6.1* мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін құрап жазу	«Дұрыс тамақтану» тақырыбына байланысты тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігі туралы шағын әңгіме құрап жазыңдар. Үлгі тақырыптар:
Дүниетану	1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру	«Менің тамақтану режимім» «Дұрыс тамақтану пайдасы» «Уақытында тамақтану – денсаулық кепілі»
2 сынып	1 тоқсан	Ортақ тақырып: Өзім туралы
Жаратылыстану	2.2.2.1 жануарлар класының өкілдерін ажырату: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер	«Аққу, Шортан, һәм Шаян» мысалды түсініп оқы. Мысалдағы жануардың қағазға/параққа суретін сал. Суреттің айналасына кейіпкердің сыртқы келбетін бейнелейтін сөздерді, ал ішіне кейіпкердің мінезін сипаттайтын сөздерді жаз.
Әдебиеттік оқу	2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау	Мысалдағы жануарлар класын анықта.
3 сынып	1 тоқсан	Ортақ тақырып: Жақсыдан үйрен, жаманан жирен
Дүниетану	3.1.2.4 өз тәжірибесінен мысал келтіре отырып, адамдар арасындағы достықтың маңыздылығын дәлелдеу	Қай досыңның сырын қанша адамға айтып қойдың және не үшін айттың? Ойлан. Жақсы көретін досыңа «Дос» туралы кез-келген бір шумақ өлеңді музыкалық аспаптың сүйемелдеуінсіз орында.

Музыка	3.1.2.1 әртүрлі сипатты әндердің көркем бейнесін аша отырып музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен, сүйемелдеусіз және унисонмен орындау	
4 сынып	1 тоқсан	Ортақ тақырып: Құндылықтар
Музыка	4.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсету және өлшем шарттарға сәйкес бағалай білу, өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу	Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі жақсы қасиетпен жаман әдетке өзің қосымша қандай қасиет пен әдетті қосар едің? Өзіңнің қосқандарың бойынша өлең шумағын құрастырып жаз.
Әдебиет	4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу	

Кіріктірілген сабақты дайындаудағы алғашқы қадам - мазмұны немесе пайдалану мақсаты бойынша ұқсас тақырыптарды бөліп алу үшін бағдарламалық материалды, оқу пәндерінің күнтізбелік және тақырыптық жоспарларын талдау және салыстыру.

Кіріктірілген сабақ бөлімді зерттеудің басында тиімдірек болады, содан кейін келесі жеке сабақтарда әр пән бойынша оқу материалының мазмұнын тереңдетіп оқыту, сонымен қатар бөлімді зерттеудің соңында білімнің басқа салаларын жалпылау және интеграциялау мақсатында жүзеге асырылады.

Кіріктірілген сабақтың тақырыбын таңдағанда жүйені құратын жалпы идеяны - интеграцияның өзегін табу керек. Ең алдымен, бұл әр түрлі пәндердің жетекші тақырыптары мазмұнының ұқсастығына және олардың логикалық байланысына негізделген. Білім беру үшін ең маңыздысы:

- оқушылардың зерттеу әдістері мен практикалық әрекеттері тұрғысынан әр түрлі оқу пәндерінде қарастырылатын объектілер арасындағы байланыс;
- жеке ғылымдардың заңдарын неғұрлым жалпы философиялық түсініктерге біріктіретін байланыстар;
- есептік және өлшеу сипатындағы байланыс.

Педагогикалық процестің кез-келген компоненттері сабақта интеграциялануы мүмкін: мақсаттары, принциптері, мазмұны, оқыту әдістері мен құралдары.

Кіріктірілген сабақтар жетекші пәнді оқыту әдістемесін сақтай отырып, әртүрлі пәндердің мазмұнын немесе тек бір пәннің мазмұнын сақтай отырып, әртүрлі пәндерді оқыту әдістемесін біріктіре алады. Мазмұнды интеграциялау объектісі: жалпы түсініктер; жалпы идеялар; әр түрлі пәндердің мәселелері; іс-әрекеттің жалпыланған әдістері; жалпыланған технологиялар.

Бір сабақта кіріктірілген әр түрлі пәндерден тұратын компоненттер жүйені қалыптастырады, айналасында оқу материалы жинақталып, жаңа жүйеге келтіріледі. Жүйені қалыптастырушы фактор интеграцияланған сабақты ұйымдастырудың негізгі факторы, сабақтың әдістемесі мен технологиясы соған байланысты.

Кіріктірілген сабақтың мақсаттарын анықтау

Кіріктірілген сабақтардың негізгі мақсаттары білімді жүйелеу және жалпылау, себеп-салдар байланыстарын анықтау, оқыту әдістемесі мен білімді бір пәндік аймақтан екінші пәнге ауыстыру әдістері болуы мүмкін; интеллектуалды дағдыларды дамыту, мысалы, синтез, жалпылау, салыстыру және пәнаралық және әмбебап байланыстарды орнату және т.б. Кіріктірілген сабақтар сонымен бірге оқылатын

тақырыптың мәніне терең ену, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында өткізіледі; берілген тақырып бойынша зерттелетін мәселелерді тұтас, синтезделген қабылдау [5].

Екі немесе одан да көп мұғалім интеграцияланған сабақтарды дайындай және жүргізе алады, бұл жағдайда мұғалімдердің әрқайсысының рөлі нақты анықталатын сабақ барысын мұқият жоспарлау қажет. Алайда, мұндай сабақтарды практикада жиі кездесетін интегралданатын пәндердің материалына ие бір мұғалім жүргізе алады. Екілік сабақты дайындау және өткізу мұғалімдерді таңдауға жоғары талаптар қояды. Олар интеллектуалды және жеке үйлесімді болуы керек, дамыған қарым-қатынас дағдыларына, импровизация қабілетіне, реакция жылдамдығына ие болуы керек, көбінесе тақырып мазмұнынан тыс материалдарды жоғары деңгейде көрсетуі керек.

Интеграцияланған сабақты дайындауға оқушылар қатыса алады, олар рефераттар жасайды, иллюстрациялық материалдар жасайды, жеке хабарламалар дайындайды және т. б.

Интеграцияланған сабақты дайындауда оның оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық жабдықталуы маңызды рөл атқарады (презентациялар, демонстрациялық материалдар мен аспаптар, тәжірибелер, бақылаулар жүргізуге арналған материалдар, аудиовизуалды құралдар, кестелер, графиктер, схемалар, нұсқаулықтар, тренажерлер және т.б.).

Кіріктірілген сабақтың маңызды орны-бірнеше оқытушылардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру, дәйектілік, тәртіп, олардың іс-әрекетінің ұзақтығы, материалды ұсыну мазмұны мен әдістерінің үйлесімділігі. Мұғалімдердің өзара әрекеттесуі әртүрлі жолдармен құрылуы мүмкін. Ол тепе — тең болуы мүмкін, олардың әрқайсысының тең үлесі бар; олардың бірі жетекші, ал екіншісі көмекші немесе кеңесші бола алады; бүкіл сабақты бір мұғалім екіншісінің қатысуымен белсенді бақылаушы ретінде жүргізе алады (сұрақ қою, не болып жатқанын түсіндіру).

Кіріктірілген сабақтар көбінесе стандартты емес формаларды қолдана отырып өткізіледі: осы саладағы жетекші маман шақырылған сабақ; сабақ-конференция; сабақ-конкурс; сабақ-имитация, сабақ-жоба және т. б.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, интеграцияланған сабақтарды тиімді өткізу үшін келесі жағдайлар қажет:

- сабақта жұмыс істейтін оқытушылардың психологиялық үйлесімділігі;
- мазмұнды, интеграцияның жүйе құраушы компонентін, пәнаралық байланыстарды іске асыруды талап ететін тапсырмаларды нақты айқындау;
- бірыңғай әдістемелік кеңістікте әрбір оқытушының рөлін көздейтін сабақ сценарийінің болуы;
- сабақтың барлық кезеңдерінде білім алушылардың оқу-танымдық, ақыл-ой қызметін жандандыру, проблемалық оқыту әдістерін қолдану;
- білімді жалпылауды, ұғынуды, іс-әрекет тәсілдерін, практикалық іскерліктер мен дағдыларды дамытуды талап ететін кіріктірілген тапсырмалардың болуы;
- сабақты дайындау және өткізу кезінде оқытушылар мен білім алушылардың шығармашылық ынтымақтастығын қамтамасыз ететін оқытушылардың жоғары кәсіби деңгейі.

Білім беру процесін ұйымдастыруда кіріктірілген сабақтардың айтарлықтай артықшылықтары бар:

- оқу пәндерінің мазмұнын интеграциялау олардың даму уақытын едәуір қысқартады және заттар мен құбылыстарды жан-жақты және тұтас қабылдауды қамтамасыз етеді;

- интеграцияланған сабақтар қызықты толықтырылатын материалды қосу арқылы оқыту мазмұнын ақпараттық байытуға ықпал етеді;

- пән бойынша білім деңгейі жоғарылайды, ол олардың жүйелілігінде, игерілетін ұғымдардың тереңдігінде, көп қырлы интеграциясының арқасында заңдылықтарда көрінеді;

- дағдылар жалпыланады, білімді кешенді қолдануға ықпал етеді; білімді өз бетінше жаңа жағдайға ауыстыру, «белгілі іс-әрекет пен жаңа әдістерді біріктіру, объектінің жаңа функцияларын көру» дағдылары қалыптасады;

- жалпы құзіреттіліктер, әмбебап оқу әрекеттері, өзін-өзі тәрбиелеу дағдылары дамиды.;

- оқушылардың пәндерді оқуға деген ынтасы артады, оқушылардың танымдық қызығушылығының өсуі байқалады, бұл сабақта және сабақтан тыс уақытта белсенді және өз бетінше жұмыс істеуге деген ықыласынан көрінеді;

- интеграция стрессті, шаршауды жеңілдетуге көмектеседі, күрделі (жүйелік, өзара байланысты) мәселелерді шешуді қамтамасыз ететін түрлі іс-шараларға ауысу арқылы жағымды эмоционалды қатынасты қолдайды;

- кіріктірілген сабақтарды өткізу мұғалімдердің өзін-өзі танытуына, өзін-өзі көрсетуіне, шығармашылығына үлкен мүмкіндіктер береді, бұл олардың жұмысқа деген қызығушылығы мен ынтасын дамытуға ықпал етеді;

- кіріктірілген, екілік сабақтарды дайындау және өткізу мұғалімдердің ынтымақтастығын дамытады, оқытушылар құрамын біріктіруге ықпал етеді.

Бірақ сонымен бірге оқытушылар интеграцияланған сабақтардың тиімділігін төмендететін бірқатар қиындықтарды атап өтеді:

- білім алушыларды бір көзден шынайы ақпарат алуға дағдыланған орнату;

- кіріктірілген сабақ ұзақ дайындықты қажет етеді (сондықтан оларды жиі өткізу мүмкін емес), мұғалімдердің толық психологиялық және әдістемелік үйлесімділігін, сабақ барысында әрекеттерді Мұқият үйлестіруді қажет етеді;

- интеграцияланған сабақтарды оқу процесіне енгізуге кедергі уақыттың шектеулі ресурсы болып табылады, оның көп бөлігі дәстүрлі түрде білім алушылардың белгіленген үлгілер, алгоритмдер бойынша іс-әрекеттерді міндетті түрде меңгеруіне бөлінеді;

- екілік сабақты өткізу технологиясы жеткіліксіз дамыған, мұғалімдер көбінесе түйсігі бойынша әрекет етуге, өз қателіктерінен үйренуге мәжбүр;

- ұйымдастырушылық сәттерді реттеу қиын: кестеге бейімделу, мұғалімдердің жалақысы туралы мәселені шешу.

Бірақ, барлық қиындықтарға қарамастан, интеграцияланған сабақтарды әзірлеу және өткізу білікті жұмысшылар мен мамандарды даярлау бойынша білім беру процесін ұйымдастыруда өзекті және перспективалы бағыт болып табылады.

Қорытындылай келе, орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында кіріктірілген сабақтарды ұйымдастыру мәселесі қалай жүзеге асып жатыр? Қашықтықтан оқыту жағдайында кіріктірілген үй тапсырмасын қалай тиімді құрастыруға болады? Бастауыш сыныптарға арналған кіріктірілген сабақтарды қалай ұйымдастыруға және қалай орындауға болатыны жөнінде Қарағанды қаласының бастауыш сынып мұғалімдері өзара пікір алмасты.

Сонымен қатар, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлер біліктілігін арттыру институтының қашықтықтан

«Hangouts» платформасы арқылы Шахтинск, Бұхар-Жырау, Приозерск, Қарағанды, Ақтоғай, Шет, Жаңаарқа аудандарының бастауыш сынып мұғалімдеріне курстан кейінгі әдістемелік көмек көрсетті. Семинар қатысушылары қашықтықтан оқытуға кіріктірілген сабақтардың құрастырудың тиімді жолдары және мұндай тапсырмаларда оқушылар мен мұғалімдер үшін де тиімді екенін айтты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [ЭР]. – Қол жетімді режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000327>
2. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдам» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығымен бекітілген. [ЭР]. – Қол жетімді режимі:
3. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 шілде №463 қаулысымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары.– Астана, 2016.
4. Кушнир М.П., Шадетова А.К. Бастауыш сыныптарға арналған кіріктірілген үй тапсырмаларының жинағы: Әдістемелік нұсқаулық – Қарағанды, 2018.
5. Ужан О.Ю. Роль и место интегрированных уроков в формировании творческих способностей обучающихся // Профессиональное образование в России и за рубежом. — 2013. — №1(9).
6. Криволапова Е. В. Интегрированный урок как одна из форм нестандартного урока // Инновационные педагогические технологии: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2015 г.). — Казань: Бук, 2015.
7. Мартынова М. В. Интегрированное обучение. Педагогические технологии. Типы и формы интегрированных уроков. Методические рекомендации. [ЭР]. – Қол жетімді режимі: <http://ido.tsu.ru/ss/?unit=199&page=594>

УДК 373.31: 372.48

М.П.КУШНИР

Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» Институт повышения квалификации педагогических работников по Карагандинской области
kushnir.m@orleu-edu.kz

ФОРМИРОВАНИЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕССЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ПРЕДМЕТА «ПОЗНАНИЕ МИРА»

Аннотация. Обновленное содержание образования ставит новые задачи перед учителем в изучении традиционных предметов начальной школы. Введение исторического материала в содержание Типовой учебной программы по предмету «Познание мира» для 1-4 классов уровня начального образования требует использования эффективных методов обучения для его преподавания с учетом возрастных особенностей младших школьников. В статье проанализирован объем исторических знаний, включенных в предмет, и описаны способы их формирования в начальной школе.

Ключевые слова: «Познание мира», история, исследование, деятельностный подход, проектный подход, интегрированные домашние задания, начальная школа, младшие школьники.

В современном обществе история как учебный предмет связывается с формированием навыков исторического мышления, понимания и осмысления прошлого и настоящего и их взаимосвязи. В условиях новых геополитических и цивилизационных вызовов история становится средством сохранения и передачи подрастающему поколению общечеловеческих и национальных ценностей, приобщения его к гуманистическим идеалам общества, воспитания у молодежи патриотизма и гражданской ответственности.

Изучение истории в школе начинается в среднем звене, но начальная школа обеспечивает подготовку к восприятию исторических знаний. В Государственном общеобязательном стандарте начального образования РК эта миссия закреплена за предметами образовательной области «Человек и общество», в частности, «Познание мира».

В связи с обновлением содержания среднего образования этот предмет стал пропедевтическим курсом к изучению общественно-гуманитарных дисциплин: история (5-11 классы), основы права (9 класс), экономика (10-11 классы). Его направленностью стало:

- 1) изучение общественных явлений прошлого и настоящего и их взаимосвязи, взаимоотношений людей в семье, обществе;
- 2) формирование чувства гордости за свою Родину, осознание своего места в семье, местном, региональном, национальном и глобальном сообществе;
- 3) понимание ценностей казахстанского общества и общечеловеческих ценностей; на раскрытие каждым учеником своих природных способностей и творческого потенциала;
- 4) развитие уважительного отношения к культуре своего и других народов, личной ответственности за свои поступки, развитие сопереживания по отношению к чувствам других людей;
- 5) воспитание гуманного отношения к человеку и окружающей среде [1].

Типовая учебная программа по предмету «Познание мира» для 1-4 классов уровня начального образования [2] целью обучения предмету определяет формирование у обучающихся системы знаний о взаимосвязях и взаимообусловленности человека, общества и природы с позиции национальных и общечеловеческих ценностей.

Анализ цели и задач обучения показывает, что прямого указания на формирование исторических знаний в курсе «Познание мира» нет. Но в содержании предмета предусмотрен раздел «В потоке истории», который включает элементы истории Казахстана. Проанализируем объем исторических знаний, включенных в предмет (таблица 1).

